

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 24 қазандағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2011 жылғы 21 желтоқсандағы № 153-ө
Өкімі

1. Қоса беріліп отырған «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 24 қазандағы Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі (бұдан әрі – тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі:

1) тізбеге сәйкес нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлесін және заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге е н г і з с і н ;

2) тиісті ведомстволық нормативтік құқықтық актілерді қабылдасын және қабылданған шаралар туралы Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар етсін.

Премьер-Министр

К. Мәсімов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

2 0 1 1

ж ы л ғ ы

2 1

ж е л т о қ с а н д а ғ ы

№ 1 5 3 - ө

ө к і м і м е н

бекітілген

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 24 қазандағы Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі

Р/с №	Нормативтік құқықтық актінің атауы	Актінің нысаны	Орындауға жауапты мемлекеттік органдар	Орындалу мерзімі
1	2	3	4	5
1	«Бірінші басшыларын Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын мемлекеттік жоғары оқу орындарының	Қазақстан Республикасы	БҒМ	2011 жылғы желтоқсан

	мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 21 сәуірдегі № 573 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы	Президентінің Жарлығы		
2	«Өркен» грантын беру қағидаларын және оның мөлшерін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	БҒМ	2011 жылғы желтоқсан
3	Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	БҒМ	2011 жылғы желтоқсан
4	Маманды жұмысқа жіберу, өз бетімен жұмысқа орналасу құқығын беру, мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде квота шегінде педагогтік, медициналық және ветеринарлық мамандықтар бойынша оқуға түскен ауыл (село) жастары қатарынан шыққан азаматтардың, сондай-ақ мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде педагогтік және медициналық мамандықтар (бакалавриат) бойынша және философия докторлары (PhD) бағдарламасы бойынша докторантураға оқуға түскен білім алушы азаматтардың жұмысын өтеу жөніндегі міндетінен босату немесе олардың міндетін тоқтату қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	БҒМ	2011 жылғы желтоқсан
5	«Орта білім беретін үздік ұйым» грантын беруге арналған конкурсты өткізу қағидаларын және оны беру мөлшерін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	БҒМ	2011 жылғы желтоқсан
6	«Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашақ» халықаралық стипендиясын тағайындау үшін үміткерлерді іріктеу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 11 маусымдағы № 573 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	БҒМ	2011 жылғы желтоқсан
7	«Білім беру ұйымдарында білім алушылардың жекелеген санаттарына мемлекеттік стипендиялар төлеу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 7 ақпандағы № 116 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	БҒМ	2011 жылғы желтоқсан
8	«Әлеуметтік қорғалмаған білім алушылар мен күнкөрісі төмен отбасылардан шыққан білім алушыларға қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты жұмсау ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 64 қаулысына өзгеріс енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	БҒМ	2011 жылғы желтоқсан

9	«Білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттау ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 24 желтоқсандағы № 1270 қаулысына өзгерістер енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	БҒМ	2011 жылғы желтоқсан
10	«Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағын беру қағидаларын және берілген мемлекеттік грантты жұмсау бағытын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	БҒМ	2011 жылғы желтоқсан
11	«Үздік педагог» атағын беру қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	БҒМ	2011 жылғы желтоқсан
12	Білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын әзірлеу қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	БҒМ	2011 жылғы желтоқсан
13	Қаржы ұйымдары беретін білім беру кредиттеріне кепілдік беру қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	БҒМ	2011 жылғы желтоқсан
14	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім берудің кәсіптік білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға түсу кезінде қабылдау квотасының мөлшерін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	БҒМ	2011 жылғы желтоқсан
15	Білім беру ұйымдарының ерекше мәртебесі туралы ережені бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	БҒМ	2011 жылғы желтоқсан
16	«Білім беру грантын беру ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 қаңтардағы № 58 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	БҒМ	2011 жылғы желтоқсан
17	Білім беру мониторингін жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	БҒМ	2011 жылғы желтоқсан
18	«Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы № 1111 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	БҒМ	2011 жылғы желтоқсан
19	«Білім беру қызметіне қойылатын лицензиялау ережесі мен оған қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 2 маусымдағы № 452 қаулысына өзгерістер енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	БҒМ	2011 жылғы желтоқсан
20	Білім алушыларды қорытынды аттестаттаудың кейбір мәселелері туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	БҒМ	2011 жылғы желтоқсан

21	Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	БҒМ	2011 жылғы желтоқсан
22	Балалар музыка мектептерінің, балалар көркемөнер мектептерінің және балалар өнер мектептерінің үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламаларын бекіту туралы	Бұйрық	БҒМ	2011 жылғы желтоқсан
23	Ұлттық бірыңғай тестілеуді және кешенді тестілеуді өткізудің қағидаларын бекіту туралы	Бұйрық	БҒМ	2011 жылғы желтоқсан
24	Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындары дайындық бөлімдерінің қызметін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы	Бұйрық	БҒМ	2011 жылғы желтоқсан
25	Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарын жабдықпен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы	Бұйрық	БҒМ	2011 жылғы желтоқсан
26	Оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендері мен оқу-әдістемелік құралдарын дайындау, оларға сараптама, сынақ өткізу және мониторинг жүргізу, оларды басып шығару жөніндегі жұмысты ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы	Бұйрық	БҒМ	2011 жылғы желтоқсан
27	Білім беру ұйымдарында пайдалануға рұқсат етілген оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендерінің, оқу құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштердегі тізбесін бекіту туралы	Бұйрық	БҒМ	2011 жылғы желтоқсан
28	Жаратылыстану-математика циклы пәндері бойынша Президенттік олимпиаданы, жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарын, орындаушылардың республикалық конкурстары мен кәсіби шеберлік конкурстарын ұйымдастырудың және өткізудің қағидаларын бекіту туралы	Бұйрық	БҒМ	2011 жылғы желтоқсан
29	Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың), орындаушылар конкурстарының, кәсіби шеберлік конкурстарының және спорттық жарыстардың тізбесін бекіту туралы	Бұйрық	БҒМ	2011 жылғы желтоқсан
30	Мемлекеттік орта білім беру мекемелерінің басшыларын конкурстық тағайындау қағидаларын бекіту туралы	Бұйрық	БҒМ	2011 жылғы желтоқсан
31	«Шетелге оқуға жіберу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және	Бұйрық	БҒМ	

	ғылым министрінің 2008 жылғы 19 қарашадағы бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы			2011 жылғы желтоқсан
32	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлауға, сондай-ақ жоғары оқу орындарының дайындық бөлімдеріне мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастырудың қағидаларын бекіту туралы	Бұйрық	БҒМ	2011 жылғы желтоқсан
33	Білім беру ұйымдарында эксперимент режимінде іске асырылатын білім беретін оқу бағдарламаларын әзірлеу, сынақтан өткізу және енгізу қағидаларын бекіту туралы	Бұйрық	БҒМ	2011 жылғы желтоқсан
34	Бірыңғай ақпараттық білім беру жүйесін ұйымдастыру және оның жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы	Бұйрық	БҒМ	2011 жылғы желтоқсан
35	«Болашақ» халықаралық стипендиясы бойынша шығыстар нормаларын, оқуға және тағылымдамадан өтуге арналған үлгілік шарттарды бекіту туралы	Бұйрық	БҒМ	2011 жылғы желтоқсан
36	Білім беру ұйымдары түрлерінің номенклатурасын және олардың қызметінің, оның ішінде аз жасақталған мектептердегі қызметтің үлгілік қағидаларын бекіту туралы	Бұйрық	БҒМ	2011 жылғы желтоқсан
37	Мемлекеттік білім беру тапсырысына байланысты көрсетілетін қызметтер тізбесін бекіту туралы	Бұйрық	БҒМ	2011 жылғы желтоқсан
38	Орта білім беру ұйымдарында психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы	Бұйрық	БҒМ	2011 жылғы желтоқсан
39	Білім беру ұйымдарының ішкі тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы	Бұйрық	БҒМ	2011 жылғы желтоқсан
40	Орта, техникалық және кәсіптік білім берудің жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру әдістемесін бекіту туралы	Бұйрық	БҒМ	2011 жылғы желтоқсан
41	Орта, техникалық және кәсіптік білім берудің жан басына шаққандағы қаржыландыру қағидаларын бекіту туралы	Бұйрық	БҒМ	2011 жылғы желтоқсан
42	Біліктілікті арттырудың ваучерлік-модульдік жүйесінің әдістемесін бекіту туралы	Бұйрық	БҒМ	2011 жылғы желтоқсан
43	Педагогтардың біліктілік деңгейін растау қағидаларын бекіту туралы	Бұйрық	БҒМ	2011 жылғы желтоқсан
44	Базалық жоғары оқу орындарында магистрлер мен PhD докторларын мақсатты даярлау тетігін бекіту туралы	Бұйрық	БҒМ	2011 жылғы желтоқсан
45	Мемлекеттік жоғары оқу орындарының ректорларын тағайындау қағидаларын бекіту туралы	Бұйрық	БҒМ	2011 жылғы желтоқсан

46	Университеттік интернет-ресурстарына қойылатын талаптарды бекіту туралы	Бұйрық	БҒМ	2011 жылғы желтоқсан
47	Мектеп-интернаттарға, бейіндік мектептерге қойылатын техникалық талаптарды бекіту туралы	Бұйрық	БҒМ	2011 жылғы желтоқсан
48	Біліктілікті қамтамасыз ету және оны қашықтықтан арттыру қағидаларын бекіту туралы	Бұйрық	БҒМ	2011 жылғы желтоқсан

Ескертпе: аббревиатураның толық жазылуы:

БҒМ - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК